

Теңіз портының реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне (бағаларына, алым ставкаларына) уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту ережесі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Табиғи Монополияларды Реттеу және Бәсекелестікті Қорғау жөніндегі агенттігі Төрағаның 2003 жылғы 5 қарашадағы N 262-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 8 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2598. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 42 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.05.2020 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту: Тақырыбы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005.03.11 N 78-НҚ, өзгерту енгізілді - 2008.04.03 N 104-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-1 және 15-баптарына сәйкес, теңіз портының қызметтер тарифтеріне (бағаларына, алымдар ставкаларына) уақытша төмендету коэффициентін ұсынудың бірыңғай тәртібі мен талаптарын белгілеу мақсатында бұйырамын:

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу Агенттігі Төрағасының 2009 жылғы 23 ақпандағы N 58-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Теңіз портының реттеліп көрсетілетін қызметтер тарифтеріне (бағаларына, алымдар ставкаларына) уақытша төмендету коэффициентін бекіту ережесі бекітілсін.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005.03.11 N 78-НҚ, 2008.04.03 N 104-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Көлік және телекоммуникациялар секторларын реттеу жөніндегі департаменті (М.А.Дәрібаев) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Әкімшілік жұмысы департаменті (Б.Б.Досан) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін:

1) осы бұйрықты белгіленген тәртіпте ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің, Қаржы министрлігі Салық комитетінің және "Ақтау теңіз сауда порты" республикалық мемлекеттік кәсіпорынының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Ж.Ж.Ертілесоваға жүктелсін.

5. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.
Төраға

Келісілді:

Қазақстан Республикасының
Көлік және Коммуникациялар
министрі

2003 жылғы 8 желтоқсан

Қазақстан Республикасы
Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрі

2003 жылғы 2 желтоқсан

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Салық комитетінің төрағасы

2003 жылғы 3 қазан

Қазақстан Республикасының
Табиғи монополияларды реттеу және
бәсекелестікті қорғау жөніндегі
агенттігі төрағасының
2003 жылғы 5 қарашадағы
N 262-НҚ бұйрығымен бекітілген

**Теңіз портының реттеліп көрсетілетін қызметтер тарифтеріне
(бағаларына, алымдар ставкаларына) уақытша төмендету**

коэффициентін бекіту

Ережесі

Ескерту: Ереженің тақырыбына өзгерту енгізілді және барлық мәтін бойынша "белгілеу және алып тастау", "белгілеу", "белгіленген", "белгілеуге", "белгілеудің", "белгіленіп отырған" деген сөздер тиісінше "бекіту", "бекітілген", "бекітуге", "бекітудің", "бекітіліп отырған" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005.03.11 N 78-НҚ Бұйрығымен.

Ескерту: Ереженің тақырыбында және барлық мәтін бойынша "күштерімен және құралдарымен орындалатын жүктерді ауыстырып тиеу жөніндегі" деген сөздер алып тасталды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2008.04.03 N 104-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

1. Жалпы ереже

1. Теңіз портының реттеліп көрсетілетін қызметтер тарифтеріне (бағаларына, алымдар ставкаларына) уақытша төмендету коэффициентін бекіту ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы", "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 78-НҚ, 2009 жылғы 23 ақпандағы N 58 -НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Бұйрықтарымен .

2. Осы Ереже теңіз портының реттеліп көрсетілетін қызметтер тарифтеріне (бағаларына, алымдар ставкаларына) уақытша төмендету коэффициентін бекіту тәртібі мен талаптарын анықтайды.

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді;

мәтін бойынша "және Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі", "Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі", "Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі", "Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің," деген сөздер алынып тасталды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 78-НҚ бұйрығымен.

3. Осы Ережеде мынадай ұғымдар қолданылады:

уақытша төмендету коэффициенті - теңіз портының реттеліп көрсетілетін қызметтер тарифінің (бағасының, алым ставкасының) мөлшеріне уәкілетті орган белгілеген шама;

өтеу кестесі - клиенттің теңіз портына мерзімі өтіп кеткен несиелік берешегін , клиенттің және теңіз портының бірінші басшысының қолымен куәландырылған өтеу кестесі;

мәлімделген көлем - клиенттің немесе теңіз портының уақытша төмендету коэффициентін бекітуге арналған мәлімдемесінде көрсетілген теңіз портының реттеліп көрсетілетін қызметтерінің жоспарланып отырған көлемі;

клиент - теңіз портының реттеліп көрсетілетін қызметін пайдаланатын жеке немесе заңды тұлға;

құзыретті орган - өз құзыреті шегінде сауда мақсатында теңізде жүзу аясындағы қызметті үйлестіру және реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган ;

клиенттің мерзімі өтіп кеткен несиелік берешегі - төлем мерзімдері туралы шартқа сәйкес клиенттің теңіз порты алдындағы мерзімінде орындалмаған қаржылық міндеттемелердің, ақшалай қарыздардың сомасы;

уәкілетті орган – табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтері (тауарлары, жұмыстары) – табиғи монополия саласындағы табиғи монополия субъектісі ұсынатын және көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтынушыға белгілі бір тауар беру түрінде ұсыну жағдайларын қоса алғанда, уәкілетті органның мемлекеттік реттеуіне анықталған тауарды беру түрінде қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) жағдайларын қоса алғанда, уәкілетті органның мемлекеттік реттеуіне жататын көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар).

Осы Ережеде пайдаланылатын басқа ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы қолданыстағы заңдарына сәйкес қолданылады.

Ескерту: 3-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005.03.11 N 78-НҚ , 2008.04.03 N 104-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз), 2009 жылғы 23 ақпандағы N 58-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Бұйрықтарымен.

2. Уақытша төмендету коэффициенттерін бекітудің принциптері

4. Уақытша төмендету коэффициенті бұл шараның экономикалық тиімділігін есептеу және оның мемлекет, теңіз порты және клиент үшін мақсаттылығы негізінде белгіленеді.

Уақытша төмендету коэффициентін бекітудің экономикалық тиімділігі реттеліп көрсетілетін жұмыстар мен қызметтер көлемінің, теңіз портының қолданысқа енгізілмеген немесе толық қолданысқа енгізілмеген қуаттылықтарын пайдалану мүмкіндігімен, теңіз портының және клиенттің алатын табыстары көлемінің ұлғаюымен, халықтың жұмыспен қамтылу деңгейімен және мемлекеттік бюджетке түсетін табыстың көбеюімен белгіленеді.

Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005.03.11 N 78-НҚ , 2008.04.03 N 104-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

5. Алынып тасталды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2008.04.03 N 104-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

6. Уақытша төмендету коэффициенттерін белгілеу клиенттің теңіз портының алдында реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) несиелік берешегі болмаған жағдайда немесе өтеу кестесіне сәйкес несиелік берешегін өтеген жағдайда жүргізіледі.

Ескерту: 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 78-НҚ бұйрығымен .

7. Уақытша төмендету коэффициентін пайдаланып, реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) көрсеткен кезде теңіз портының алатын табыстары тиісті реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) көрсетумен байланысты шығындарды жабуға тиіс.

Ескерту: 7-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005.03.11 N 78-НҚ , 2008.04.03 N 104-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

8. Уақытша төмендету коэффициенті айдың бірінші күнінен бастап бір күнтізбелік жылдан аспайтын белгілі бір уақытқа қолданысқа енгізіледі.

3. Уақытша төмендету коэффициентін белгілеу тәртібі

9. Клиент немесе теңіз порты (бұдан әрі - өтініш беруші) мынадай талаптарды сақтап өтінім мен Ереженің 1-қосымшасына сай негіздеуші құжаттарды ұсынған жағдайда уәкілетті орган уақытша төмендету коэффициентін белгілейді:

әрбір бетке клиенттің бірінші басшысы, ал қаржылық құжаттарға клиенттің бас бухгалтері және қол қояды. Бұл жағдайда көшірмелік қолдың күші жоқ.

Бірінші басшы мен бас бухгалтер ұсынылған ақпараттың растығына Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік артады;

алдыңғы жылғы қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері бойынша нақты деректер, сондай-ақ оларды бекітуді сұрап отырған кезеңге уақытша төмендету коэффициенттерін бекітуден күтіліп отырған нәтижелер ұсынылады.

10. Уәкілетті орган уақытша төмендету коэффициенттерін бекітуге өтінім түскен күннен бастап 5 жұмыс күн ішінде өтінімді қабылдау туралы не қабылдаудан бас тарту туралы өтінім берушіні жазбаша түрде хабардар етуі тиіс.

11. Осы Ережеге сәйкес талап етілетін қажетті құжаттарды ұсынбаған немесе толық көлемде ұсынбаған жағдайда уәкілетті орган өтінімді қарауға қабылдаудан бас тартады.

Мұндай бас тарту жағдайында өтінім беруші уәкілетті органға бір айдан кейін ғана өтініммен жүгінуге құқылы.

12. Уәкілетті органның өтінімді қарауға қабылдағаны туралы хабарлама алғаннан кейін өтінім беруші 5 жұмыс күн ішінде осы өтінімді қарау үшін Құзыретті органға Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетіне хабарламаны қоса тіркей отырып жібереді. Клиент жоғарыда көрсетілген мемлекеттік органдардан басқа, өтінімді теңіз портына қорытынды ұсыну үшін жолдайды.

Құзыретті орган, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті теңіз порты коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын мәліметтерді жариялағаны үшін заңнамада белгілеген тәртіппен жауапкершілік артады.

13. Қажет болған жағдайда уәкілетті орган клиенттен, теңіз портынан және құзыретті органнан қосымша ақпарат сұратуға құқылы.

Сонымен бірге, өтінімді қарау мерзімі сұратылған ақпаратты алғанға дейін тоқтатылады, бірақ 10 жұмыс күнінен аспауы тиіс.

14. Құзыретті орган, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті және теңіз порты өтінім берушіден өтінім алған күнінен бастап 10 жұмыс күнінің ішінде уәкілетті органға уақытша төмендету коэффициенттерін бекітудің мақсаттылығы мен ұсынылған деңгейінің негіздемесі не оны бекітудің мақсатсыздық негіздемесі көрсетілетін қорытынды ұсынады. Көрсетілген ұйымдар қорытындыларды бекітілген мерзімде ұсынбаған жағдайда өтінімді уәкілетті органда өтінімді қарау мерзімін тоқтату тиісті қорытындылар алғанға дейін, бірақ 5 жұмыс күнінен аспайтын уақытқа ұзартылады.

Құзыретті орган, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті және теңіз порты қорытындыларды, сондай-ақ сұратылған қосымша ақпаратты бекітілген мерзімде ұсынбаған жағдайда, уәкілетті орган жазбаша хабарлама арқылы уақытша төмендету коэффициенттерін белгілеуден бас

тартуға не уақытша төмендету коэффициентін белгілеу туралы экономикалық тиімділікті бағалау негізінде дербес шешім қабылдауға құқылы.

Уақытша төмендету коэффициенттерін белгілеуден бас тартылған жағдайда, уәкілетті орган өтінім берушіге, құзыретті органға және клиентке жіберілетін тиісті дәлелденген қорытынды шығарады.

Уәкілетті орган клиенттің бастамасы, не мемлекеттік органның өтініші бойынша қосымша ақпарат алған кезде өтінімді қарау мерзімін 5 жұмыс күнінен аспайтын уақытқа ұзартуға құқылы.

15. Уәкілетті орган өтінім беруші ұсынған негіздеуші құжаттардың сараптамасын ескере отырып, құзыретті орган, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті және теңіз порты ұсынған қорытындыларының негізінде өтінім қарауға қабылданған сәттен бастап 30 күннің ішінде шешім қабылдайды. Осы Ереженің 13 және 14-тармақтарында көзделген жағдайларда шешім қабылдау мерзімі тоқтатыла тұрады не көрсетілген тармақтарға сәйкес ұзартылады.

16. Уәкілетті орган құзыретті орган, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті және теңіз порты өкілдерінің, клиенттің және тәуелсіз сарапшылардың қатысуымен кеңес өткізуге құқылы.

17. Өткізілген сараптама қорытындысы бойынша уәкілетті орган уақытша төмендету коэффициентін белгілеу туралы не оларды белгілеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Уақытша төмендету коэффициенттерін белгілеу туралы шешім уәкілетті органның бірінші басшысының бұйрығы түрінде қабылданады.

Уақытша төмендету коэффициенттерін белгілеу туралы бұйрық клиентке, теңіз портына және құзыретті органға бұйрық қолданысқа енгізілгенге дейін кем дегенде 10 күнтізбелік күн бұрын жіберіледі.

18. Теңіз порты тоқсан сайын уәкілетті органға осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес әрбір клиент бойынша уақытша төмендету коэффициенттерін қолданумен нақты көрсетілген реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) туралы ақпарат ұсынады.

Ескерту: 18-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005.03.11 N 78-НҚ, 2008.04.03 N 104-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

4. Уақытша төмендету коэффициенттерін қолдану тәртібі

19. Теңіз порты уәкілетті органның бірінші басшысының бұйрығымен бекітілген, теңіз порты мен клиент арасында жасалған шарт (шартқа толықтыру) негізінде уақытша төмендету коэффициенттерін қолданады.

Осы шарт (шартқа толықтыру) уақытша төмендету коэффициентінің қолдану мерзімін және клиенттің теңіз портының реттеліп көрсетілетін қызметтерін тұтынудың мәлімделген көлемін тиісті уақыт кезеңінде уақытша төмендету коэффициенттерін пайдаланбай реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтынудың нақты орындалған көлеміне тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) қайта есептеуге байланысты орындамағаны үшін жауапкершілігін көздейді.

Клиентпен теңіз портының арасындағы шарт (шартқа толықтыру) Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіпте осы Ереженің 17-тармағында көрсетілген бұйрықтың күшіне енген күнінен бастап 7 жұмыс күнінен кешіктірмей жасалуға тиіс.

Ескерту: 19-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005.03.11 N 78-НҚ , 2008.04.03 N 104-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

5. Уақытша төмендету коэффициентін алып тастау тәртібі

20. Уақытша төмендету коэффициентінің қолданысы бекітілген мерзім өткеннен кейін, сондай-ақ уәкілетті орган теңіз портының реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) жаңа тарифтер (бағалар, алым ставкалары) бекіткен сәттен бастап тоқтатылады.

Ескерту: 20-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 11 наурыздағы N 78-НҚ бұйрығымен .

21. Бекітілген уақытша төмендету коэффициентін уәкілетті орган бекітілген мерзім өткенге дейін немесе мынадай жағдайлардың біреуі болғанда алып тастауы мүмкін:

1) мемлекет, теңіз порты үшін уақытша төмендету коэффициентін бұдан әрі қолданудың экономикалық тиімсіздігі;

2) клиенттің теңіз портына мерзімі өтіп кеткен берешегі пайда болған немесе өтеу кестесін орындамаған жағдайда;

3) осы Ереженің 5-тармағында бекітілген критерийлерге сәйкес келмеуі.

Бұл жағдайда уақытша төмендету коэффициентін қолдануды тоқтату уәкілетті органмен келісіледі.

22. Осы Ереженің 21-тармағында көрсетілген жағдайлар пайда болған кезде теңіз порты бұл туралы ақпаратты уәкілетті органға кешіктірмей ұсынуы тиіс.

23. Құзыретті орган, Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Салық комитеті, теңіз порты және клиент уәкілетті органға уақытша төмендету

коэффициентін алып тастау қажеттігін негіздейтін құжаттарды ұсынып, оны алып тастау туралы ұсыныс жасауға құқылы.

Уақытша төмендету коэффициенттерін алып тастау туралы шешімді уәкілетті орган қабылдайды.

24. Уәкілетті орган бекітілген мерзім аяқталғанға дейін уақытша төмендету коэффициенттерін алып тастау туралы шешім қабылдаған кезде құзыретті органнан, Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Салық комитетінен, теңіз портынан қорытынды, сондай-ақ клиенттен түсініктеме сұрауға құқылы.

25. Ұсынылған қорытындыларды ескеріп, уәкілетті орган уақытша төмендету коэффициентін алып тастау бойынша негіздеуші құжаттарға, құжаттарды алған сәттен бастап 10 жұмыс күннің ішінде сараптама жүргізеді.

Көрсетілген ұйымдар және мемлекеттік органдар қорытындыларды сұраған сәттен бастап 10 жұмыс күннің ішінде ұсынбаған жағдайда уәкілетті орган бар қорытындыларды ескеріп, 10 жұмыс күннің ішінде уақытша төмендету коэффициенттерін алып тастау бойынша негіздеуші құжаттарға сараптама жүргізеді.

26. Жүргізілген сараптама қорытындысы бойынша уәкілетті орган бұйрық түрінде уақытша төмендету коэффициенттерін алып тастау туралы шешім қабылдайды және бұйрық қолданысқа енгізілгенге дейін 10 күннен кешіктірмей құзыретті орган мен теңіз портына хабарлама жолдайды.

Уақытша төмендету коэффициентінің қолданысын тоқтату туралы ақпаратты теңіз порты уәкілетті органның бұйрығы қолданысқа енгізілген күнге дейін 7 күнтізбелік күн бұрын клиенттің назарына жеткізуге тиіс.

27. Уақытша төмендету коэффициентін алып тастау туралы ұсыныс қабылданбаған жағдайда уәкілетті орган уәждемелі қорытынды шығарады және осындай ұсыныс жасаған тұлғаға жібереді.

Теңіз портының реттеліп көрсетілетін
қызметтерінің тарифтеріне
(бағаларына, алым ставкаларына)
уақытша төмендету коэффициенттерін
бекіту ережесіне 1-қосымша

Ескерту: Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005.03.11 N 78-НҚ , 2008.04.03 N 104-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

Уақытша төмендету коэффициентін бекіту үшін
клиент немесе теңіз порты ұсынатын құжаттар мен
ақпараттар тізімі

1. Жүктің атауы, уақытша төмендету коэффициентінің сұралып отырған деңгейі және оны бекіту мерзімі көрсетілген өтінім (еркін түрде).

2. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің көшірмесі (заңды тұлға), жеке кәсіпкердің мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің көшірмесі (жеке тұлға).

3. Уақытша төмендету коэффициентінің сұралып отырған деңгейінің есебін қоса, бекітудің мақсаттылығы (экономикалық және техникалық аспектілері) туралы анықтама-негіздеме.

4. Сұралып отырған кезеңге уақытша төмендету коэффициентін қолдануды ескере отырып және ескерусіз, өткен жылдың және алдағы аяқталған төрт тоқсанның тоқсандарға бөлумен ұқсас кезеңімен салыстырғандағы салық міндеттерінің (салық түрлерінің бөлігінде) өсу (сақталу) динамикасы туралы анықтама-негіздеме.

5. Алдағы кезеңдегі теңіз портының реттеліп көрсетілетін қызметтерінің нақты көлемі. Бұлай болғанда теңіз портының реттеліп көрсетілетін қызметтерінің нақты көлемі заттай және құндық көрсеткіште көрсетілуі қажет.

Ескерту: 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2008.04.03 N 104-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

6. Уақытша төмендету коэффициентін қолдануды ескере отырып және ескерусіз мәлімделген кезеңге арналған теңіз портының реттеліп көрсетілетін қызметтерінің жоспарланған көлемі. Бұлай болғанда теңіз портының реттеліп көрсетілетін қызметтерінің жоспарланған көлемі заттай және құндық көрсеткіште көрсетілуі қажет.

Ескерту: 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2008.04.03 N 104-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

7. Қаржылық есептілік (бухгалтерлік баланс, қаржылық-шаруашылық қызмет қорытындысы туралы есеп, ақшалай қаражат қозғалысы туралы есеп, қаржылық есепке түсіндірме жазба) және алдыңғы кезеңдегі (төрт аяқталған тоқсандағы және өткен жылдағы) қаржылық-шаруашылық қызмет талдауы.

8. Егер өтінім беруші теңіз порты болған жағдайда - теңіз портының сұралып отырған кезеңде уақытша төмендету коэффициентін қолданумен және қолданусыз реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша табыстары, шығыстары деңгейінің болжалды көрсеткіші.

Егер өтінім беруші клиент болған жағдайда - сұралып отырған кезеңде айларға бөлумен уақытша төмендету коэффициентін қолданумен және қолданусыз теңіз портының реттеліп көрсетілетін қызметтерін жүзеге асырудан түскен табыстары деңгейінің болжалды көрсеткіші.

Ескерту: 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2008.04.03 N 104-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

9. Ағымдағы айдың бірінші күніне клиентпен теңіз портының арасындағы өзара есеп айырысуды салыстыру актісі. Несиелік берешегі бар болған жағдайда - клиенттің теңіз портының алдындағы мерзімі өтіп кеткен несиелік берешегін өтеу кестесі.

Теңіз портының реттеліп көрсетілетін қызметтерінің тарифтеріне (бағаларына, алым ставкаларына) уақытша төмендету коэффициенттерін бекіту ережесіне 2-қосымша

Ескерту: 2-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005.03.11 N 78-НҚ , 2008.04.03 N 104-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

Теңіз портының уақытша төмендету коэффициентін қолдану кезінде тоқсан сайын ұсынатын ақпараттар тізімі

1. Уақытша төмендету коэффициенті бекітілген теңіз портының реттеліп көрсетілетін қызметтеріне клиенттермен жасасқан шарттар туралы ақпарат.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2008.04.03 N 104-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

2. Уақытша төмендету коэффициенті бекітілген теңіз портының реттеліп көрсетілетін қызметтерінің әрбір клиент бойынша нақты орындалған көлемі.

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2008.04.03 N 104-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

3. Уақытша төмендету коэффициентін бекіту нәтижесінде теңіз портының әрбір клиент бойынша теңіз портының реттеліп көрсетілетін қызметтерінен түскен қосымша табыстарының немесе шығындарының көлемі.

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2008.04.03 N 104-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.